

# МУЗЕЙ ЗАТЫН АТРИБУЦИЯЛАУ

Дайындаған: Жанұзаққызы  
Сания

Атрибуция – тарих және мәдениет ескерткіші, құжаттар, көркем туындалар, т.б. музейлік маңызы бар заттардың авторын, жасалған уақытын, материалын анықтау. Музей затын атрибуциялауда зерттеуші заттың жасалу техникасын, стилін, материалын, мазмұнын, қолданыс аясын т.б. затқа тікелей қатысты дүниелерді анықтайды. Затқа тікелей және жанама қатысты мәліметтер мол болған сайын атрибуцияның дәлдігі нақтылана түседі. Көркемөнер туындысында авторды анықтау, немесе туынды мазмұнындағы қандай-да бір белгіні анықтауға қатысты дау туғанда жасалатын сараптама атрибуция деп аталады. Зерттеу барысында заттың химиялық, физикалық құрамын анықтау, заттың тарихи дәуірлерде жасалу технологиясын, қолданыс аясын анықтау, әрі сол затты музей жағдайында сақтау (қордағы жылу, ылғалдылық, т. б.) деңгейін нақтылау үшін қажет.

# Музей затын анықтау

1. заттың атауы,
2. Инвентарлық номері,
3. Түсу көзі, уақыты, жасалған жері.
4. Түпнұсқалығы немесе көшірме.
5. Заттың аңызы
6. Затта таңбаның, мөрдің, геральдикалық белгілердің болуы
7. Жасалу материалы.
8. Жасалу техникасы, әдісі.
9. Көлемі
10. Құрылымы мен бейнесі
11. Заттың қысқаша сипаттамасы.
12. Стилистикалық ерекшелігі.
13. Заттың қолданыс аясы.
14. Жасалу уақыты, жері
15. Заттың иесі.
16. Заттың әлеуметтік ортадағы қолданысы.
17. Этникалық қолданысы.
18. Нақты тұлғаға қатысты қолданысы.
19. Сақталу деңгейі

*Сәукеле* бас киімінің  
атрибуциясы



# Сәукеле.

КП 3427

Алматы  
обл. XX ғ.  
басы.

Түпнұсқа

1938 ж. Алматы қ.  
тұрғыны  
Батырхан  
Жүнүсовтан  
алынған



зооморфтық өрнек  
кестеленген

қызыл мауыты  
қара барқыт  
металл қаңылтыр  
Маржан, перуза  
бағалы тастары  
картон

Биік. 47 см, милық  
шеңб. 46 см, төбесі 20  
см.

Сақталуы – нашар (терінің  
кейбір жерлеріне күйе түскен,  
маржан жоғалған,  
маталарының кейбір  
жерлерінде тесіктер бар).

Батырхан  
Жүнүсов

Қыз ұзатылып  
жатқанда  
қолданылатын бас  
киім

Сәукеле – ұзатылатын  
қыздың өз үйінен киіп  
шығатын бас киімі. Сәукеле  
бағалы, көп әшекейлі, өте  
ертеден келе жатқан бас  
киім.

Нақты  
қолданған  
тұлға- Майра  
Ильясова

Қарағанды, 20ғ.



